

ӘОЖ 517.518.28
FTAXP 27.39.19

<https://doi.org/10.55452/1998-6688-2025-22-2-220-241>

^{1*}**Жаңабергенова Н.С.,**
PhD, ORCID ID: 0000-0003-0402-6999,
*e-mail: zhanabergenova.ns@gmail.com
²**Темирханова А.Т.,**
PhD, ORCID ID: 0000-0001-5610-3314,
e-mail: ainura-t@yandex.kz

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазақстан

МАТРИЦАЛЫҚ ОПЕРАТОРДЫҢ КЕЙБІР КЛАСЫ ҮШІН ҮШ САЛМАҚТЫ ТЕҢСІЗДІКТЕР

Аңдатпа

Үзіліссіз және дискреттік жағдайларында берілетін атақты Харди теңсіздіктердің бастапқы түрі кейінірек айтарлықтай жалпыланды. Осыған орай математикада Харди теңсіздігі өз алдына жеке үлкен бағытқа айналды. Қазіргі таңда Харди тәріздес операторларды қамтитын үзіліссіз және дискреттік теңсіздіктерінің орындалу критерийлерін алу–салмақты теңсіздіктер теориясында басты мәселелерінің бірі. Дискреттік теңсіздіктерді матрицалық операторлар класы үшін қарастыру зерттеудің жаңа толқыны десек болады. Жалпы жағдайда матрицамен берілген дискреттік оператордың салмақты Лебег кеңістігінде шенелімділік критерийі анықталмағандықтан матрицаға әртүрлі шарттар қойылып, матрицасыз жағдайға қарағанда кеңірек нәтижелер алынады. Бұл жұмыста дискреттік квазисызықты операторларды белгілі бір шартты қанағаттандыратын матрицалар үшін қарастырамыз. Квазисызықты теңсіздіктер үшін алынған нәтижелерді бисызықты Харди теңсіздіктерін сипаттау кезінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: Харди теңсіздігі, салмақты Лебег кеңістігі, матрицалық оператор, квазисызықты оператор.

Кіріспе

1906–1928 ж. аралығында атақты математик Хардидің үзіліссіз және дискреттік теңсіздіктерінің пайда болуы мен даму кезеңдері, сондай-ақ олардың математикалық талдау саласындағы зерттеулер тарихы [1] ғылыми еңбекте толық қамтылған. Бұл кезеңдерде Харди теңсіздіктерінің теориялық негіздері қалыптасып, олардың қолданылу аясы кеңейіп, математикалық анализ, дифференциалдық теңдеулер теориясында және математиканың әртүрлі салаларында қолданысқа ие болды. Кейінгі жылдары Харди теңсіздіктері екі салмақты теңсіздіктерге жалпыланып, толықтай зерттелді [2].

XXI ғасырдың басында екі салмақты теңсіздіктерді зерттеумен қатар үш салмақты теңсіздіктерге сипаттама бере бастады. Ең алғаш 2008 ж. келесі түрдегі интегралдық итерацияланған Харди тәріздес теңсіздігін Р. Ойнаров және А. Калыбай [3] жұмыста қарастырған еді:

$$\left(\int_a^b u^q(x) \left(\int_a^x \left| w(t) \int_t^x f(s) ds \right|^r dt \right)^{\frac{q}{r}} dx \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\int_a^b |f(x)v(x)|^p dx \right)^{\frac{1}{p}}, \quad \forall f \in L_{p,v}, \quad (1)$$

мұндағы C – (1) теңсіздіктің ең кіші тұрақтысы, $-\infty \leq a, b \leq \infty$, $1 < p < \infty$, $0 < q, r < \infty$, $u(\cdot), w(\cdot), v(\cdot)$ – (a, b) аралығында өлшенетін және локальды интегралданатын теріс емес функциялар, $L_{p,v}$ (1) теңсіздіктің оң жағы ақырлы болатындай функциялардан тұратын

салмақты Лебег кеңістігі. 2013 жылы В.И. Буренков және Р. Ойнаров көп өлшемді Харди тәріздес оператордың салмақты Лебег кеңістігінен локальді Морри типті кеңістігіне шенелімділігін сипаттайтын теңсіздік (1) теңсіздікке эквивалентті болатынын көрсетті [4]. Осы жұмыстан кейін (1) түріндегі квазисызықты Харди тәріздес теңсіздіктер қарқынды түрде зерттеле бастады (мысалы [5–9]) және ол Морри типті кеңістікте қолданысқа ие болды [10]. Зерттеудің келесі толқыны өзекті қамтитын квазисызықты операторлардың салмақты бағалау болды. [11–13] жұмыстарда өзекті қамтыған квазисызықты Харди операторларының кейбір кластары қарастырылған.

Ендігі кезекте осы жұмыстың негізгі мәселесіне тоқталайық: Айталық $0 < q, p, r < \infty$ және $\frac{1}{p} + \frac{1}{p'} = 1$ болсын. $u = \{u_i\}_{i=1}^{\infty}$ және $w = \{w_i\}_{i=1}^{\infty}$ теріс емес, ал $v = \{v_i\}_{i=1}^{\infty}$ оң нақты сандар тізбегі болсын. $l_{p,v}$ арқылы $f = \{f_i\}_{i=1}^{\infty}$ нақты сандар тізбегінен тұратын және

$$\|f\|_{p,v} = \left(\sum_{i=1}^{\infty} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}} < \infty$$

квазинормалар ақырлы болатын кеңістікті белгілейміз.

Бұл жұмыста $\forall f \in l_{p,v}$ үшін келесі түрдегі дискреттік Харди тәріздес теңсіздікті қарастырамыз:

$$\left(\sum_{n=1}^{\infty} u_n^q (K^{\pm} f)_n^q \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\sum_{i=1}^{\infty} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}, \quad (2)$$

мұндағы $C - f$ тәуелсіз оң тұрақты және $K^{\pm}$ келесі түрде анықталған квазисызықты операторлар

$$(K^{+}f)_n = \left(\sum_{k=1}^n \left| w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right|^r \right)^{\frac{1}{r}}, \quad n \in \mathbb{N}, \quad (3)$$

$$(K^{-}f)_n = \left(\sum_{k=n}^{\infty} \left| w_k \sum_{i=k}^{\infty} a_{i,k} f_i \right|^r \right)^{\frac{1}{r}}, \quad n \in \mathbb{N}. \quad (4)$$

Жұмыстың мақсаты $(a_{k,i})$ матрица элементтері келесі түрдегі шарттарды қанағаттандыратын жағдайда (3) және (4) квазисызықты дискреттік операторларды салмақты бағалау:

Шарт 1 [14]. Барлық $k \geq j \geq i \geq 1$ үшін

$$\frac{1}{d} (a_{k,j} + b_{j,i} \omega_k) \leq a_{k,i} \leq d (a_{k,j} + b_{j,i} \omega_k) \quad (5)$$

шарт орындалатындай $d \geq 1$ тұрақтысы, $\{\omega_k\}_{k=1}^{\infty}$ оң сандар тізбегі және элементтері j бойынша кемімейтін және i бойынша өспейтін $(b_{j,i})$ теріс емес матрицасы бар болсын.

Шарт 2 [14]. Барлық $k \geq j \geq i \geq 1$ үшін

$$\frac{1}{d} (b_{k,j} \omega_i + a_{j,i}) \leq a_{k,i} \leq d (b_{k,j} \omega_i + a_{j,i}) \quad (6)$$

шарт орындалатындай $d \geq 1$ тұрақтысы, $\{\omega_i\}_{i=1}^{\infty}$ оң сандар тізбегі және элементтері k бойынша кемімейтін және j бойынша өспейтін $(b_{k,j})$ теріс емес матрицасы бар болсын.

Осы мақаланың авторлары матрица қатысқан (3) және (4) операторлары үшін (2) теңсіздіктің орындалуының қажетті және жеткілікті шарттары параметрдің $p \leq q$ жағдайында [15], [16] жұмыстарда алған, мұнда $(a_{k,i})$, $k \geq i \geq 1$, матрицасының барлық $a_{k,i} \geq 0$ элементтері дискреттік Ойнаров шартын қанағаттандырады, яғни $k \geq j \geq i \geq 1$ үшін

$$\frac{1}{d}(a_{k,j} + a_{j,i}) \leq a_{k,i} \leq d(a_{k,j} + a_{j,i}) \quad (7)$$

шарт орындалатындай $d \geq 1$ табылады.

Бұл шартта $(a_{k,i})$ матрицасының $a_{k,i}$ элементтері k бойынша кемімейтін және i бойынша өспейтінін көруге болады. Егер $b_{j,i} = a_{j,i}$, $j \geq i \geq 1$, және $\omega_k \equiv 1$, $k \geq 1$, болған кезде, (5) теңсіздігінен (7) шығады. Дәл солай (6) теңсіздігінен (7) шығады, яғни (7) шарты (5) және (6) шарттарының дербес жағдайы

Сонымен қатар осындай интегралдық Ойнаров шартын қанағаттандыратын ядросы бар $K^\pm$ операторларының интегралдық жағдайлары [12] жұмыста зерттелген. Сонымен қатар, авторлар (7) шартпен берілген матрицасы бар $(K_1 f)_n = \left(\sum_{k=1}^n |w_k \sum_{i=k}^\infty a_{k,i} f_i|^r \right)^{\frac{1}{r}}$ және $(K_2 f)_n = \left(\sum_{k=n}^\infty |w_k \sum_{i=1}^k a_{i,k} f_i|^r \right)^{\frac{1}{r}}$ түріндегі квазисызықты операторлар класын да қарастырыған [17].

Математика ғылымында Харди тәріздес операторлар алдымен өзексіз жағдайда зерттеліп, кейін белгілі бір шарттарды қанағаттандыратын өзекпен қарастырылады, яғни өзексіз жағдайға қарағанда кеңірек нәтижелер алынады. Дәл сол сияқты, $a_{k,i} \equiv 1$, $k \geq i \geq 1$ болған жағдайда (3) және (4) операторлары қатысқан салмақты теңсіздіктердің орындалу критерийлері бұрынырақ алынған (мысалы [18–22]).

Материалдар мен әдістер

Негізгі нәтижелерді алу үшін бұрыннан белгілі екі салмақты Харди тәріздес теңсіздіктеріне байланысты тұжырымдар мен нәтижелер, Минковский теңсіздігі, басқа да классикалық теңсіздіктер және матрицаның қасиеттері қолданылады. Теореманың жеткілікті шартын дәлелдеу барысында тізбектерді бөліктерге бөлу әдісі “локализация әдісі” қолданылады, ал қажеттілік шарты тексеріс тізбегін таңдау арқылы дәлелденеді. Классикалық Харди теңсіздігіне қатысты нәтижелер:

Теорема А [23]. Айталық $1 < p \leq q < \infty$ болсын.

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty} u_k^q \left| \sum_{i=1}^k f_i \right|^q \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\sum_{i=1}^{\infty} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}, \forall f \in l_{p,v}, \quad (8)$$

теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер

$$H = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=j}^{\infty} u_k^q \right)^{\frac{1}{q}} < \infty.$$

Сонымен қатар $C \approx H$, мұнда C – (8) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема А* [23]. Айталық $1 < p \leq q < \infty$ болсын.

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty} u_k^q \left| \sum_{i=k}^{\infty} f_i \right|^q \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\sum_{i=1}^{\infty} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}, \forall f \in l_{p,v}, \quad (9)$$

теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер

$$H' = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=j}^{\infty} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=1}^j u_k^q \right)^{\frac{1}{q}} < \infty.$$

Сонымен қатар $C \approx H'$, мұнда C – (9) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема C^* [24]. Айталық $0 < p \leq 1, p \leq q < \infty$. (9) теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $M' < \infty$, мұнда

$$M' = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=1}^j u_i^q \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1}.$$

Сонымен қатар $C \approx M'$, мұнда C – (9) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема B [25]. Айталық $1 < p \leq q < \infty$ және $(a_{k,i})$ матрицасының элементтері дискреттік Ойнаров шартын (7) қанағаттандырсын.

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty} u_k^q \left| \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right|^q \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\sum_{i=1}^{\infty} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}, \forall f \in l_{p,v}, \quad (10)$$

теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $D = \max\{D_1, D_2\} < \infty$, мұнда

$$D_1 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=j}^{\infty} a_{k,j}^q u_k^q \right)^{\frac{1}{q}}, D_2 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=1}^j a_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=j}^{\infty} u_k^q \right)^{\frac{1}{q}}.$$

Сонымен қатар $C \approx D$, мұнда C – (10) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема B^* [25]. Айталық $1 < p \leq q < \infty$ және $(a_{i,k})$ матрицасының элементтері дискреттік Ойнаров шартын (7) қанағаттандырсын.

$$\left(\sum_{k=1}^{\infty} u_k^q \left| \sum_{i=k}^{\infty} a_{i,k} f_i \right|^q \right)^{\frac{1}{q}} \leq C \left(\sum_{i=1}^{\infty} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}, \forall f \in l_{p,v}, \quad (11)$$

теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $D' = \max\{D'_1, D'_2\} < \infty$, мұнда

$$D'_1 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=j}^{\infty} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=1}^j a_{j,k}^q u_k^q \right)^{\frac{1}{q}}, D'_2 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=j}^{\infty} a_{i,k}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=1}^j u_k^q \right)^{\frac{1}{q}}.$$

Сонымен қатар $C \approx D'$, мұнда C – (11) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема D [26]. Айталық $0 < p \leq 1, p \leq q < \infty$ және $(a_{k,i})$ матрицасының элементтері i бойынша өспейтін болсын. (10) теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $N < \infty$, мұнда

$$N = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{k=j}^{\infty} a_{k,j}^q u_k^q \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1}.$$

Сонымен қатар $C \approx N$, мұнда C – (10) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема D^* [26]. Айталық $0 < p \leq 1, p \leq q < \infty$ және $(a_{i,k})$ матрицасының элементтері i бойынша кемімейтін болсын. (11) теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $N' < \infty$, мұнда

$$N' = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{k=1}^j a_{j,k}^q u_k^q \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1}.$$

Сонымен қатар $C \approx N'$, мұнда C – (11) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Теорема G [27]. Айталық $1 < p \leq q < \infty$ және $(a_{i,k})$ матрицасының элементтері (5) қанағаттандырсын. (11) теңсіздігі орындалады сонда тек сонда, егер $G = \max\{G_1, G_2\} < \infty$,

мұнда

$$G_1 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=j}^{\infty} \omega_i^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=1}^j b_{j,k}^q u_k^q \right)^{\frac{1}{q}}, G_2 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{i=j}^{\infty} a_{i,k}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}} \left(\sum_{k=1}^j u_k^q \right)^{\frac{1}{q}}.$$

Сонымен қатар $C \approx G$, мұнда C – (11) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Біз бағалаулар кезінде келесі қарапайым теңсіздіктерді қолданамыз:

Егер $a_i > 0, i = 1, 2, \dots, k$, онда

$$\sum_{i=1}^k a_i^\alpha \leq \left(\sum_{i=1}^k a_i \right)^\alpha, \alpha \geq 1. \quad (12)$$

Айталық $a_i > 0, b_i > 0, 1 \leq n < N \leq \infty$ болсын. Онда $0 < \alpha < 1$ үшін

$$\left(\sum_{i=n}^N (a_i + b_i)^\alpha \right)^{\frac{1}{\alpha}} \leq \left(\sum_{i=n}^N a_i^\alpha + \sum_{i=n}^N b_i^\alpha \right)^{\frac{1}{\alpha}} \leq 2^{\frac{1}{\alpha}-1} \left(\left(\sum_{i=n}^N a_i^\alpha \right)^{\frac{1}{\alpha}} + \left(\sum_{i=n}^N b_i^\alpha \right)^{\frac{1}{\alpha}} \right). \quad (13)$$

Сондай-ақ бізге келесі шамалар қажет:

$$J_{r,p}^+(\alpha, \beta) = \sup_{f \geq 0} \frac{\left(\sum_{k=\alpha}^{\beta} |w_k \sum_{i=\alpha}^k a_{k,i} f_i|^r \right)^{\frac{1}{r}}}{\left(\sum_{i=\alpha}^{\beta} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}}, \quad J_{r,p}^-(\alpha, \beta) = \sup_{f \geq 0} \frac{\left(\sum_{k=\alpha}^{\beta} |w_k \sum_{i=k}^{\beta} a_{i,k} f_i|^r \right)^{\frac{1}{r}}}{\left(\sum_{i=\alpha}^{\beta} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}}.$$

Келісім: $E \ll F$ дегеніміз p, q және r параметрлеріне тәуелді кейбір C тұрақтысымен $E \leq CF$ білдіреді. Сонымен қатар, $E \approx F$ белгілеуі $E \ll F \ll E$ екіжақты бағалауы.

Нәтижелер мен талқылау

Келесі шамаларды енгізейік

$$\begin{aligned} A_1 &= \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \right)^{\frac{1}{q}} J_{r,p}^+(1, j), \\ A_2 &= \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1}, \\ A_3 &= \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}}, \\ A_4 &= \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j b_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p'}}. \end{aligned}$$

Теорема 1. Айталық $0 < p \leq q < \infty$ and $0 < r < \infty$ және $(a_{k,i})$ матрицасының элементтері (5) шартты қанағаттандырсын. Онда (3) операторы үшін (2) салмақты теңсіздігі

a) $0 < p \leq 1$ болғанда орындалады сонда тек сонда, егер $\mathcal{A} = \max\{A_1, A_2\} < \infty$.

b) $p > 1$ болғанда орындалады сонда тек сонда, егер $A = \max\{A_1, A_3, A_4\} < \infty$.

Сонымен қатар (a) жағдайда $C \approx \mathcal{A}$ және (b) жағдайда $C \approx A$, мұнда C – (2) теңсіздігінің ең кіші тұрақтысы.

Дәлелдеуі. Қажеттілігі. Айталық (2) теңсіздігі ең кіші $C > 0$ тұрақтысымен орындалсын. Алдымен теореманың (a) жағдайын дәлелдейік, яғни $\mathcal{A} < \infty$ болатынын көрсетейік. (2) теңсіздіктің дұрыстығынан

$$\begin{aligned} C \left(\sum_{i=1}^j |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}} &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=1}^n \left| w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \\ &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{k=1}^j \left| w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right|^r \right)^{\frac{1}{r}} \end{aligned}$$

шығады және

$$C \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \right)^{\frac{1}{q}} \sup_{f \geq 0} \frac{\left(\sum_{k=1}^j |w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i|^r \right)^{\frac{1}{r}}}{\left(\sum_{i=1}^j |v_i f_i|^p \right)^{\frac{1}{p}}} = \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \right)^{\frac{1}{q}} J_{r,p}^+(1, j) = A_1 \quad (14)$$

болады. Егер теңсіздік $\forall f \in l_{p,v}$ үшін орындалатын болса, онда қандай да бір $\tilde{f} \in l_{p,v}$ үшін де орындалуы керек. Сондықтан, $\tilde{f} \in l_{p,v}$ тексеру тізбегін таңдап алып, (2) теңсіздігінің оң және сол жағына қоямыз. $j \geq 1$ саны үшін $\tilde{f}_j = \{\tilde{f}_{j,s}\}_{s=1}^{\infty}$ тексеру тізбегі $s = j$ үшін $\tilde{f}_{j,s} = v_s^{-1}$ ал $s \neq j$ үшін $\tilde{f}_{j,s} = 0$ болсын, онда

$$\|\tilde{f}_j\|_{p,v} = 1. \quad (15)$$

$\tilde{f}_j$ тексеру тізбегін (2) теңсіздіктің $I = I(f)$ сол жағына қойып, матрицаның $j \geq i$ үшін $a_{k,i} \geq a_{k,j}$ шарты арқылы

$$\begin{aligned} I(\tilde{f}) &= \left(\sum_{n=1}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=1}^n \left| w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} \tilde{f}_i \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \left| w_k \sum_{i=1}^j a_{k,i} \tilde{f}_{j,i} \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \\ &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n |a_{k,j}^r w_k^r| \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \sum_{i=1}^j \tilde{f}_{j,i} \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1} \quad (16) \end{aligned}$$

аламыз. (15), (16) және (2)-ден

$$C \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1}, \forall j \geq 1,$$

шығады. Соңғы бағалауда $j \geq 1$ кез-келген сан болғандықтан екі жағынан j бойынша супремум аламыз және $C - j$ -ден тәуелсіз болғандықтан

$$A_2 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1} \leq C < \infty.$$

Осыны және (14) ескерсек келесі бағалауын аламыз:

$$\mathcal{A} \leq C < \infty. \quad (17)$$

(b) жағдай. Бұл жолы кез-келген $j \geq 1$ үшін $\tilde{f}_j = \{\tilde{f}_{j,i}\}_{i=1}^{\infty}$ тексеру тізбегін $1 \leq i \leq j$ үшін $\tilde{f}_{j,i} = v_i^{-p'}$, ал $i > j$ үшін $\tilde{f}_{j,i} = 0$ болатындай етіп таңдайық. Ендеше

$$\|\tilde{f}_j\|_{p,v} = \left(\sum_{i=1}^{\infty} |\tilde{f}_{j,i} \cdot v_i|^p \right)^{\frac{1}{p}} = \left(\sum_{i=1}^j |v_i^{-p'} \cdot v_i|^p \right)^{\frac{1}{p}} = \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} < \infty. \quad (18)$$

$\tilde{f}_j$ тексеру тізбегін (2) теңсіздіктің $I = I(f)$ сол жағына қойып, матрицаның $a_{k,i} \geq a_{k,j}$, $j \geq i$, шартын ескеріп біз келесі шаманы аламыз:

$$\begin{aligned} I(\tilde{f}) &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=1}^n \left| w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} \tilde{f}_i \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \left| w_k \sum_{i=1}^j a_{k,i} v_i^{-p'} \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \\ &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right). \end{aligned} \quad (19)$$

(18), (19) және (2) теңсіздіктерден

$$C \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}}, \forall j \geq 1.$$

шығады. $j \geq 1$ кез-келген сан болғандықтан, келесі бағалауды аламыз:

$$A_3 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} \leq C < \infty. \quad (20)$$

Дәл солай, $j \geq 1$ үшін тағы да бір $\tilde{f}_j = \{\tilde{f}_{j,s}\}_{s=1}^{\infty}$ тексеру тізбегін $1 \leq s \leq j$ үшін $\tilde{f}_{j,s} = b_{j,s}^{p'-1} v_s^{-p'}$ және $s > j$ үшін $\tilde{f}_{j,s} = 0$ аламыз. Осыны (2) теңсіздіктің оң жағына қойсақ, онда

$$\|\tilde{f}_j\|_{p,v} = \left(\sum_{s=1}^{\infty} |\tilde{f}_{j,s} \cdot v_s|^p \right)^{\frac{1}{p}} = \left(\sum_{s=1}^j |b_{j,s}^{p'-1} v_s^{-p'} \cdot v_s|^p \right)^{\frac{1}{p}} = \left(\sum_{s=1}^j b_{j,s}^{p'} v_s^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} < \infty. \quad (21)$$

Енді $\tilde{f}_j$ тексеру тізбегін (2) теңсіздіктің сол жағына қойып, кейін $a_{k,i} \geq b_{j,i} \omega_k$, $k \geq j$, шартын ескерсек, онда

$$\begin{aligned} I(\tilde{f}) &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \left| w_k \sum_{i=1}^j a_{k,i} \tilde{f}_{j,i} \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \\ &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \left| w_k \sum_{i=1}^j a_{k,i} b_{j,i}^{p'-1} v_i^{-p'} \right|^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \\ &\geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j b_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right). \end{aligned} \quad (22)$$

(21), (22) және (2)-ден келесі шығатыны анық:

$$C \geq \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j b_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}}, \quad \forall j \geq 1.$$

Жоғарыдағыдай соңғы теңсіздіктің екі жағынан $j \geq 1$ бойынша супремум аламыз

$$A_4 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j b_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} \leq C < \infty.$$

Соңғы және (14), (20) бағалаулар келесіні береді:

$$A \leq C < \infty. \quad (23)$$

Жеткіліктілігі. (а) жағдай. $A < \infty$ болсын, енді (2) теңсіздік орындалатынын дәлелдейміз. Ол үшін жалпылықты жоғалтпай $0 \leq f \in l_{p,v}$ деп аламыз. $\inf \emptyset = \infty$ деп алып келесі шаманы анықтайық

$$s_{\infty} = \inf \left\{ s \in \mathbb{Z}: \sum_{k=1}^{\infty} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r < 2^{r(s+1)} \right\}.$$

$s \leq s_{\infty}$ болатындай s үшін

$$n_s = \inf \left\{ n \geq 1: \sum_{k=1}^n \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \geq 2^{rs} \right\}.$$

Онда

$$\sum_{k=1}^{n_s-1} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r < 2^{rs} \leq \sum_{k=1}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r.$$

және $n_s \leq j \leq n_{s+1} - 1$ үшін

$$2^s \leq \left(\sum_{k=1}^j \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{1}{r}} < 2^{s+1}. \quad (24)$$

Осыдан $\mathbb{N}$ натурал сандар жиыны

$$\mathbb{N} = \bigcup_{s \geq 1} [n_s, n_{s+1} - 1]$$

түрінде өрнектеледі. (2) теңсіздігінің $I(f)$ оң жағы үшін (24) бағалауын қолданып келесі қатынасты аламыз:

$$I(f) = \left(\sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}-1} u_n^q \left(\sum_{k=1}^n \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \ll \left(\sum_s 2^{q(s-1)} \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \right)^{\frac{1}{q}}. \quad (25)$$

Әрі қарай дәлелдеу кезінде қажет болатын келесі өрнектерді қарастырамыз:

r параметрінің екі жағдайын жеке-жеке алатын болсақ, (10) және Минковский теңсіздігін қолданып $1 \leq r < \infty$ үшін келесіні аламыз:

$$\begin{aligned} 2^{s-1} = 2^s - 2^{s-1} &\leq \left(\sum_{k=1}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{1}{r}} - \left(\sum_{k=1}^{n_{s-1}-1} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{1}{r}} \\ &\leq \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{1}{r}} \\ &\ll \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=n_{s-1}}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{1}{r}} + \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^{n_{s-1}} a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{1}{r}}. \end{aligned} \quad (26)$$

$0 < r < 1$ болған жағдайда

$$\begin{aligned} 2^{r(s-1)} &= \frac{1}{2^r - 1} (2^{rs} - 2^{r(s-1)}) \leq \frac{1}{2^r - 1} \left(\sum_{k=1}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r - \sum_{k=1}^{n_{s-1}-1} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right) \\ &\leq \frac{1}{2^r - 1} \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right) \\ &\ll \sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=n_{s-1}}^k a_{k,i} f_i \right)^r + \sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^{n_{s-1}} a_{k,i} f_i \right)^r. \end{aligned} \quad (27)$$

Алған (26) және (27) теңсіздіктері арқылы (25) қатынасты бағалау үшін $q \geq 1$ және $0 < q < 1$ жағдайларын жеке қарастырамыз. $q \geq 1$ болғанда Минковский, ал $0 < q < 1$ болған жағдайда (13) теңсіздігі көмегімен екі жағдайда да

$$\begin{aligned} I(f) &\ll \left(\sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=n_{s-1}}^k a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \\ &+ \left(\sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \left(w_k \sum_{i=1}^{n_{s-1}} a_{k,i} f_i \right)^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} = I_1 + I_2 \end{aligned} \quad (28)$$

аламыз. Алдымен I_1 бағалайық.

$$\begin{aligned} I_1 &\ll \left(\sum_s \left(J_{r,p}^+(n_{s-1}, n_s) \right)^q \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{i=n_{s-1}}^{n_s} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{q}{p}} \right)^{\frac{1}{q}} \ll \left(\sum_s \left(J_{r,p}^+(1, n_s) \right)^q \times \right. \\ &\times \sum_{n=n_s}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{i=n_{s-1}}^{n_s} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{q}{p}} \left. \right)^{\frac{1}{q}} \ll \sup_{j \geq 1} J_{r,p}^+(1, j) \left(\sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_s \left(\sum_{i=n_{s-1}}^{n_s} |v_i f_i|^p \right)^{\frac{q}{p}} \right)^{\frac{1}{q}}. \end{aligned}$$

$\frac{q}{p} \geq 1$ болғандықтан, (12) теңсіздігі бойынша

$$I_1 \ll A_1 \|f\|_{p,v} \quad (29)$$

болады. Енді I_2 бағалайық. Шарт 1 бойынша

$$I_2 \ll \left(\sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} w_k^r a_{k,n_{s-1}}^r \left(\sum_{i=1}^{n_{s-1}} f_i \right)^r + \sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \omega_k^r w_k^r \left(\sum_{i=1}^{n_{s-1}} b_{n_{s-1},i} f_i \right)^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}}$$

$$\ll \left(\sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} a_{k,n_{s-1}}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \left(\sum_{i=1}^{n_{s-1}} f_i \right)^q \right)^{\frac{1}{q}} + \left(\sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \left(\sum_{i=1}^{n_{s-1}} b_{n_{s-1},i} f_i \right)^q \right)^{\frac{1}{q}} = I_{21} + I_{22}. \quad (30)$$

I_{21} -ді келесі түрде жазайық

$$I_{21} = \left(\sum_{n=1}^{\infty} \left(\sum_{i=1}^n f_i \right)^q \mu_1(n) \right)^{\frac{1}{q}}, \quad (31)$$

мұндағы

$$\mu_1(n) = \sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} a_{k,n_{s-1}}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \delta(n - n_{s-1})$$

және $\delta(\cdot)$ – Дирактың дельта-функциясы. (31) қатынасақ Теорема С қолдансақ, онда

$$I_{21} \leq \left\{ \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} \mu_1(n) \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1} \right\} \|f\|_{p,v}. \quad (32)$$

(32)-дың оң жағына төмендегі өрнекті қолданып

$$\sum_{n=j}^{\infty} \mu_1(n) \leq \sum_{n_{s-1} \geq j} \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} a_{k,n_{s-1}}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \ll \sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}}$$

келесіні аламыз:

$$I_{21} \ll A_2 \|f\|_{p,v}. \quad (33)$$

Жоғарыдағыдай I_{22} – ні келесі түрде жазамыз:

$$I_{22} = \left(\sum_{n=1}^{\infty} \left(\sum_{i=1}^n b_{n,i} f_i \right)^q \mu_2(n) \right)^{\frac{1}{q}}, \quad (34)$$

мұндағы

$$\mu_2(n) = \sum_s \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \delta(n - n_{s-1}).$$

(35) теңдіктегі $b_{n,i}$ матрицасының элементтері i бойынша өспейтін болғандықтан, Теорема D бойынша

$$I_{22} \leq \left\{ \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} b_{n,j}^q \mu_2(n) \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1} \right\} \|f\|_{p,v}.$$

$k \geq n_{s-1}$ үшін $b_{n_{s-1},j} \omega_k \leq a_{k,j}$ шартын ескеріп

$$\begin{aligned} \sum_{n=j}^{\infty} b_{n,j}^q \mu_2(n) &\leq \sum_{n_{s-1} \geq j} b_{n_{s-1},j}^q \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \\ &\ll \sum_{n_{s-1} \geq j} \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \ll \sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n a_{k,j}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \end{aligned} \quad (35)$$

аламыз. Осыдан

$$I_{22} \ll A_2 \|f\|_{p,v}. \quad (36)$$

Қорытындылай келе (28), (29), (30), (33) және (36) бағалаулары $C \ll \mathcal{A}$ береді. Осыдан және (17) теңсіздіктен $C \approx \mathcal{A}$ шығады.

(b) жағдай. Бұл кезде теореманың жеткілікті бөлігі (a) жағдайдағы сияқты дәлелденеді. Яғни $I \ll I_1 + I_2$ бағалауын аламыз, мұндағы I_1 және I_2 (28) өрнектегі шамалар. $\frac{q}{p} \geq 1$ болғандықтан (29)-дағы сияқты $I_1 \ll A_1 \|f\|_{p,v}$ аламыз. Кейін (5) шартын пайдаланып $I_2 \ll I_{21} + I_{22}$ аламыз, мұнда I_{21} және I_{22} (30) бағалауындағы шамалар. Әрі қарай (31) қатынасына Теорема А қолданып дәл солай $I_{21} \ll A_3 \|f\|_{p,v}$ алуға болады, ал (32) қатынасына Теорема В қолданып

$$I_{22} \leq \max \left\{ \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} b_{n,j}^q \mu_2(n) \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}}, \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} \mu_2(n) \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j b_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} \right\} \|f\|_{p,v}$$

аламыз. (35) шартынан

$$\sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} b_{n,j}^q \mu_2(n) \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} \ll A_3$$

аламыз. Сонымен қатар,

$$\sum_{n=j}^{\infty} \mu_2(n) = \sum_{n_{s-1} \geq j} \sum_{n=n_s}^{n_{s+1}} u_n^q \left(\sum_{k=n_{s-1}}^{n_s} \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \ll \sum_{n=j}^{\infty} u_n^q \left(\sum_{k=j}^n \omega_k^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}}$$

шартынан келесіні аламыз

$$\sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=j}^{\infty} \mu_2(n) \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=1}^j b_{j,i}^{p'} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}} \ll A_4.$$

Осылардан $I_{22} \ll \max\{A_3, A_4\} \|f\|_{p,v}$ бағалауларын аламыз. Осы және (29) шарты бізге $C \ll A$ береді. Осылайша, осы бағалау және (23) шартынан $C \approx A$ эквивалентті болатынын аламыз. Теорема 1 тұжырымының дәлелдеуі аяқталды.

Айталық

$$B_1 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=1}^j u_n^q \right)^{\frac{1}{q}} J_{r,p}^-(j, \infty),$$

$$B_2 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=1}^j u_n^q \left(\sum_{k=n}^j a_{j,k}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} v_j^{-1},$$

$$B_3 = \sup_{j \geq 1} \left(\sum_{n=1}^j u_n^q \left(\sum_{k=n}^j a_{j,k}^r w_k^r \right)^{\frac{q}{r}} \right)^{\frac{1}{q}} \left(\sum_{i=j}^{\infty} v_i^{-p'} \right)^{\frac{1}{p}},$$

